

Жастарға жағдай жасалды

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Ақтоғай ауданының тұрғындарына бірқатар тамаша тарту жасалды. Жолболды ауылының тұрғындары таза ауызсуға қол жеткізсе, аудан орталығында жатақхана мен жастар ресурстық орталығының жаңа ғимараты қолданысқа берілді.



Құндыз ҚАБЫЛДЕНОВА



Өткен жылдың соңында Жолболды ауылдық округінде су құбырының құрылысы аяқталып, жұртшылықтың көптен күткен арманы орындалды. Анығын айтқанда, таза ауызсумен қамтамасыз ететін нысан іске қосылды. Жергілікті билік өкілдерінің айтуынша, Ақтоғай - былтыр үш бірдей орталықтандырылған су жүйесі пайдалануға берілген облыстағы жалғыз аудан. Жолболды ауылынан бөлек, Приреченск және Андриановка елді мекендерінде де су құбырының құрылысы аяқталды. Биыл аудандағы тірек ауыл - Қараобада да жаңа су құбыры тартылмақ.

Ал келесі сый жергілікті жастарға арналды. Жыл басында аудан әкімі Ағыбай Әмірін жастармен жүздескенде жеке орталықтың жоқтығы туралы мәселе көтерілген еді. Көп ұзамай тиісті жұмыстар қолға алынып, бұрынғы мектеп ғимаратының спорт залы жөндеуден өтті.

- Облыстық бюджеттен қаржы қарастырылып, бір ай аралығында ескі залға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Біз өз кезегімізде бильярд, караоке құралдарын сыйға тарттық. Ауданның кез келген жас азаматы мұнда келіп, бос уақытын қатарластарымен бірге оңтайлы өткізе алады. Барлық қызмет тегін көрсетіледі, - дейді аудан басшысы А.Әмірін.

«Жас қанат» жастар ресурстық орталығының инспекторы Назарбай Займолда жастар мұнда үстел ойын-

дарын ойнап, кино көріп қана қоймай, форумдар, дөңгелек үстелдер мен түрлі кездесулер де ұйымдастыра алатынын айтты. Демек, бұған дейін көп жағдайда көшкі би кештерінде ғана бас қосатын ақтоғайлық жастар енді уақыттарын тиімді өткізе алады. Бұл 3,5 мыңнан астам жас үшін таптырмас мүмкіндік екені анық.

Жаңа жыл қарсаңындағы тағы бір тарту - аудан орталығындағы жатақхананың қолданысқа берілуі. Осылайша, 23 отбасы Жаңа жылды жаңа үйде қарсы алды. Ақтоғай ауданының әкімі Ағыбай Әмірін қоныс иелерін құттықтап, пәтер кілттерін табыс етті.

- Осыдан 5 жыл бұрын аудан орталығындағы туберкулезге қарсы аурухана жабылып, қаңырап бос тұрғанды. Былтыр оны қалпына келтіру үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Сөйтіп, «Өңірлерді дамыту-2020» бағдарламасы бойынша 97 млн. теңге бөлініп, жатақханаға сай етіп жасалды. Баспананы пайдалануға беру кезіндегі басты мәселе - жылудың болуы. Біз тұрғындардың қақаған қыста бүрсеңдегенін қаламаймыз. Сондықтан ғимаратты жылытатын қазандықты қалпына келтірдік. Бұл мақсатқа 49,5 млн. теңге жұмсалды.

Мердігер - «Береке Құрылыс Проект» компаниясы ауланы абаттандырды. Қоныс жайлы болады деген үміттеміз, - деді А.Әмірін.

Жатақхананың әр бөлмесіне су, жылу, кәріз жүйелері тартылған. Жаңа баспана кезекте тұрған жалғызбасты жандарға, жас мамандарға үлестірілді. Солардың бірі - биыл Семей мемлекеттік медициналық университетін тәмамдап, Ақтоғай орталық ауруханасында еңбек жолын бастаған хирург Баубек Чакеев.

- Тамыз айында Ақтоғай ауданына келгелі жергілікті әкімдік жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Бүгін жатақхана бөлмесі кілтін берілуі - соның айқын дәлелі. Кәдімгі бір бөлмелі пәтерлерден еш кем емес. Ас үй, жуынатын бөлмесі жеке, жылы, жұмысқа жақын, - дейді Баубек Чакеев.

Биыл Ақтоғай ауруханасы дәрігерлерінің қатарын 5 маман толықтырған еді, соның үшеуі жатақханаға орналасты. Оған қоса, демеушілер қаржысы есебінен 5 дәрігердің әрқайсысына 200 мың теңге берілді. Осылайша, Жаңа жыл қарсаңында Ақтоғай ауданының жұртшылығы қуанышқа кенелді.

Ақтоғай ауданы.